

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

DS9100W

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат 2

Қауіпсіздік	2
Ескерту	3

2 Көңіл көтеру жүйеңіз 5

Кіріспе	5
Қораптың құрамы	5
Тағы не қажет	5
Негізгі құрылғыны шолу	6
Қашықтан басқару құралына шолу	7

3 Дайындау 8

Қуатты қосу	8
<Құралды> қосу	8
Қашықтан басқару құралын дайындау	9

4 AirPlay үшін үйдегі Wi-Fi желісіне қосылу 10

1-әдіс: Wi-Fi желіге кіру мүмкіндігін ортақ пайдалануды қолдану	10
2-әдіс: WPS маршрутизаторына қосу	11
3-әдіс: WPS емес Wi-Fi маршрутизаторына қосу	12

5 Ойнату 18

iTunes әуендер кітапханасынан <құралда> дыбыстық әуендерді ойнату	18
iPod/iPhone/iPad құралын тікелей док-станция арқылы ойнату және зарядтау	20
Ойнатуды басқару	21
Қосымша дыбыс параметрлерін қолдану	21
Сыртқы құрылғыдан ойнату	22

6 Микробағдарламаны жаңарту 23

1-мүмкіндік: Philips SoundStudio арқылы жаңарту (ұсынылады)	23
2-мүмкіндік: PC/Мас компьютерінен жаңарту	23

7 Өнім туралы ақпарат 25

Ерекшеліктер	25
--------------	----

8 Ақаулықтарды жою 26

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

- ① Осы нұсқауларды оқыңыз.
- ② Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- ③ Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- ④ Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- ⑤ Бұл өнімді судың жанында қолданбаңыз.
- ⑥ Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- ⑦ Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- ⑧ Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- ⑨ Бұл өнімді күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- ⑩ Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе басқа электр құрылғылары (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- ⑪ Құралдың үстіне ешбір басқа электр құрылғысын қоймаңыз.
- ⑫ Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық бар заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- ⑬ Бұл өнімде батареялар болуы мүмкін. Батареялар туралы осы пайдаланушы нұсқаулығындағы қауіпсіздік және тастау бойынша нұсқауларды қараңыз.
- ⑭ Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуім қамтамасыз етіңіз.

Қатты қызып кету қаупі бар! Бұл құралды тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін, құралдың айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыңыз. Құралдағы желдеткіш тесіктердің перделер немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.

Батареяларды қолдану бойынша мәліметтер:



Ескерту

- Ауу қаупі: тек қана батареялардың көрсетілген түрін қолданыңыз. Полиэстерінің дұрыстығын тексеріңіз. Ұзақ уақыт бойына қолданылмайтын өнімдерден батареяларды алып тастаңыз. Батареяларды құрғақ орында сақтаңыз.
- Зақым келу қаупі: аққан батареяларды ұстаған кезде қолғап киіңіз. Батареяларды балаладың және үй жануарларының қолы жетпейтін орынға қойыңыз.
- Жарылыс қаупі: батареяларды қысқа мерзімге түйіқтамаңыз. Батареяларды күн көзі, от немесе сол сияқты қатты ыстық орынға шығармаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз. Батареяларға зақым келтірмеңіз немесе бөлшектемеңіз. Қайта зарядталмайтын батареяларды зарядтамаңыз.

Батареяларды жұтып қою қаупі бар!

- Құралда жұтуға болатын тиынға/түймеге ұқсас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылған жағдайда батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жұтылғаннан кейін екі сағат ішінде ішкі мүшелердің күйіп қалу қаупі бар.
- Батареяны жұтып қойды немесе денесінің басқа жеріне кіріп кетті деп күдіктенсеңіз, дереу дәрігерге қаралыңыз.

- Батареяны ауыстыру кезінде, барлық жаңа және ескі батареяларды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Батареяны ауыстырғаннан кейін, батарея бөлімінің жақсылап жабылғанын тексеріңіз.
- Егер батарея бөлімін жақсылап жабу мүмкін болмаса, өнімді қолданбаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерге қойып, өндірушіге хабарласыңыз.

Біріккен Корольдіктегі пайдаланушылар үшін маңызды ескертпелер.

Енгізу сақтандырғышы

Бұл ақпарат тек Ұлыбританияға арналған штепсельдік ұшы бар өнімдерге қатысты.

Бұл өнімде мақұлданған үлгідегі штепсельдік ұш бар. Сақтандырғышты ауыстырған жағдайда, онда төмендегілер болуы керек:

- штепсельдік ұшта көрсетілген мәндер;
- BS 1362 мақұлдауы; және
- ASTA мақұлдау белгісі.

Пайдаланылатын сақтандырғыш түрі сенімді болмаса, дилеріңізге хабарласыңыз.

Ескерту: ЭМӨ директивасына сәйкес (2004/108/ЕС), штепсельдік ұшты қуат сымынан ажыратпаңыз.

Штепсельдік ұшты қосу жолы

Қуат сымындағы сымдар келесі түстермен боялған: көк = бейтарап (N), қоңыр = жанды (L).

Түстер штепсельдік ұштағы түстерге сәйкес келмесе, штепсельдік ұштағы ұштарды келесі түрде анықтаңыз:

- 1 Көк сымды N деп таңбаланған немесе қара түспен боялған ұшына жалғаңыз.
- 2 Қоңыр сымды L деп таңбаланған немесе қызыл түсті сымға жалғаңыз.
- 3 Ешбір сымды E (немесе e) деп таңбаланған немесе жасыл түске боялған (немесе жасыл және сары) штепсельдік ұштағы жерге тұйықтау қысқышына жалғамаңыз.

Штепсельдік ұштың қақпағын салмас бұрын, сым ұстатқышының кабельдегі сымдар бойына ғана емес, кабель бойына қыстырылғанын тексеріңіз.

Ескерту

CE 0890

EAC

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және оларды WOOX Innovations Limited компаниясы Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған лицензия бойынша пайдаланады.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Made for



iPod



iPhone



iPad



«Made for iPod», «Made for iPhone» және «Made for iPad» деген жазулар электрондық қосалқы құрал тиісінше iPod, iPhone немесе iPad құрылғысына жалғау үшін арнайы жасалғанын және әзірлеуші Apple өнімділік стандарттарына сәйкестігін сертификаттағанын білдіреді. Apple компаниясы бұл құрылғының жұмысына немесе оның қауіпсіздік және нормалық стандарттарға сәйкестігіне жауапты емес. Бұл қосалқы құралды iPod, iPhone, немесе iPad құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмыс өнімділігіне әсер ететінін ескеріңіз.

AirPlay, iPod және iPhone — Apple Inc. корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері. iPad — Apple Inc. корпорациясының сауда белгісі.

II сыныпты жабдық таңбасы:



Қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.

2 Көңіл көтеру жүйеңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі — құрылғының астыңғы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____

Кіріспе

Apple AirPlay технологиясы Wi-Fi желісіне қосылған кез келген AirPlay мүмкіндігі қосылған (мысалы, сіздің <құралыңыз>) Mac, PC, iPhone, iPod touch немесе iPad құралдарында орнатылған iTunes әуендер кітапханасын ойнатуға мүмкіндік береді.

AirPlay мүмкіндігі қосылған құралда (мысалы, сіздің <құралыңыз>) келесі әрекеттерді орындауға болады:

- үйіңіздің кез келген бөлмесінде iTunes әуендер кітапханасынан дыбыстық файлдарды ойнатуға
- AirPlay мүмкіндігі қосылған құралдардың қайсысымен әуенді ойнатуды таңдауға (үйіңізде бірнеше осындай құралдар болса)
- бірдей уақытта бірнеше AirPlay мүмкіндігі қосылған құралдарда дыбыстық файлды ойнатуға (тек қана PC/Mac компьютерінде iTunes әуендер кітапханасынан)



Кеңес

- Philips AirPlay мүмкіндігі қосылған құралдар туралы қосымша мәліметтерді алу үшін www.philips.com/welcome торабына өтіңіз.

<Құралыңызбен> мына әрекеттерді де орындауға болады:

- Жылдам док-станция қосқышы арқылы тікелей iPod/iPhone/iPad құралдарынан әуендерді өзгертуге немесе ойнатуға.
- **AUX IN** розеткасы арқылы басқа дыбыстық құрылғылардан әуенді ойнатуға.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі құрылғы (кірістірілген Wi-Fi модулі)
- 1 x айнымалы ток қуат сымы
- 1 x қашықтан басқару құралы
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парағы

Тағы не қажет

AirPlay құралынан сымсыз дыбыстық файлдарды ойнату үшін, келесілер қажет:

- Wi-Fi сертификатталған маршрутизаторы
- iTunes әуендер кітапханасын тасымалдағыш, мысалы, iOS 4.3.3 (не кейінірек) амалдық жүйесі орнатылған iPod touch/iPhone/iPad немесе iTunes 10.2.2 (не кейінірек) мүмкіндігі орнатылған Wi-Fi қосылған PC/Mac компьютері.

<Құралыңыз> Wi-Fi маршрутизаторы арқылы iTunes тасымалдағыш құралымен бірдей жергілікті желіге қосылған болу керек.

AirPlay үшін үйлесімді iTunes тасымалдағыш құралының тізімі

AirPlay түріне сәйкес <құралыңыз> келесілермен үйлесімді:


- iTunes 10.2.2 (не кейінірек) мүмкіндігі орнатылған Wi-Fi қосылған PC/Mac компьютері; және
- iOS 4.3.3 (не кейінірек) амалдық жүйесі орнатылған келесі iPod/iPhone/iPad модульдері:

Мыналар үшін жасалған

- iPhone 5
- iPhone 4S
- iPhone 4
- iPhone 3GS
- iPad (4-буын)
- iPad Mini
- iPad (3-буын)
- iPad 2
- iPad
- iPod touch (5-буын)
- Сенсорлы iPod (4-буын)
- Сенсорлы iPod (3-буын)

Негізгі құрылғыны шолу

Алдыңғы көрінісі



① ИҚ-датчик

- Қашықтан басқару құралынан берілетін сигналдарды анықтайды. Қашықтан басқару құралын тікелей датчикке қарай бағыттаңыз.

② iPod/iPhone/iPad үшін жылдам док-станция

③ 0

- Құралды қосыңыз/өшіріңіз.


④ Ұ түймесі/көрсеткіші

- Құралды Wi-Fi желісіне қосыңыз.
- Құралдың ағымдағы күйін көрсетіңіз.

⑤ -/+

- Дыбыс деңгейін реттейді.

Артқы көрінісі




⑥ AUX IN

- 3,5мм аудио кіріс кабелі (берілмеген) арқылы сыртқы аудио плейерді қосыңыз.

⑦ Қуат көзі ұясы

Қашықтан басқару құралына шолу



9

- AirPlay дыбыс көзі мен iPod/iPhone/iPad реттеу көзі арасында ауысыңыз.

1

- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

2

- 3,5мм аудио кіріс көзін таңдаңыз.

3 Жоғары/төмен пернелері

- Реттеу күйінде iPod/iPhone/iPad мәзірі арқылы өтіңіз.

4 Сол жақ/оң жақ пернелер

- iPod/iPhone/iPad құралындағы жолдарда жылдам артқа немесе жылдам алға айналдырыңыз.
- Алдыңғы/келесі жолға өту.

5

- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.

6 VOL +/-

- Дыбыс деңгейін реттейді.

7 MENU

- iPod/iPhone/iPad мәзіріне кіріңіз.

8 OK

- Таңдауды растаңыз.


3 Дайындау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Қуатты қосу

! Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының астында басылған кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіп алыңыз.
- Ток соғу қаупі бар! АТ қуат сымын ажыратқанда, әрқашан ашадан тартып розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- Айнымалы ток сымын жалғарда, барлық басқа байланыстар орнатылғанына көз жеткізіп алыңыз.



- АТ қуат сымын мынаған жалғаңыз
 - құралдың артқы жағындағы **AC IN** розеткасына.
 - қабырғадағы ток розеткасына.

<Құралды> қосу

Токқа дұрыс қосқаннан кейін, құрал автоматты түрде қосылады.

- Құралдың сәтті іске қосылуын күтіңіз.
 - ↳ Іске қосылуға шамамен 25 секунд уақыт жұмсалады.
 - ↳ Іске қосылу кезінде алдыңғы тақтадағы көрсеткіш сары түсте жыпылықтайды.
 - ↳ Іске қосылғаннан кейін алғашқы орнатылым үшін  көрсеткіші тұрақты сары түске айналады және құрал Wi-Fi мүмкіндігін орнатуға дайын болады. Wi-Fi қосылымы бұрын орнатылған болса,  көрсеткіші орнатылған Wi-Fi желісін іздеу үшін, сарғылт және ақ түсте баяу жыпылықтайды.
- Құралды күту режиміне қосу үшін алдыңғы тақтада  түймесін басыңыз.
- Құралды күту режимінен шығару үшін  түймесін қайтадан басыңыз.

Қашықтан басқару құралын дайындау




Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.

Алғаш қолдану үшін:

- Қашықтан басқару құралының батареясын іске қосу үшін қорғаныш тілшікті алыңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын ауыстыру үшін:



- 1 Батарея бөлімін ашу үшін тесікті шарикті қаламның немесе үшкір құралдың ұшымен басыңыз.
- 2 Бір CR2025 батареясын көрсетілгендей полюстерін дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Ескертпе

- Қашықтан басқару құралындағы қандай да бір функция түймесін басарда, алдымен негізгі құрылғымен емес, қашықтан басқару құралымен тиісті сигнал көзін таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареясын шығарып алыңыз.
- Қашықтан басқару құралын жақсырақ қабылдау үшін <құралдың> алдындағы ИҚ-датчикке тікелей қаратып қойыңыз.

4 AirPlay үшін үйдегі Wi-Fi желісіне қосылу



Бар үйдегі Wi-Fi желісіне <құралды> қосу үшін, үйдегі Wi-Fi параметрлерін <құралға> қолдану қажет.

Төменде тізімделген шарттарға негізделген ең жақсы реттеу әдісін таңдаңыз.

Шарт	Реттеу әдісі
Сізде жылдам қосқышы бар iPod touch/iPhone/iPad құралы бар.	1-әдісті (ұсынылады) (ақылдасу '1-әдіс: Wi-Fi желіге кіру мүмкіндігін ортақ пайдалануды қолдану' бет 10) таңдаңыз.
Wi-Fi маршрутизаторына WPS (Wi-Fi қорғалған орнатылым) мүмкіндігі қосылған және ол PBC (түймені басу арқылы қосу) мүмкіндігіне қолдау көрсетеді.	2-әдісті (ақылдасу '2-әдіс: WPS маршрутизаторына қосу' бет 11) таңдаңыз.
Сізде Интернет шолғышы бар Wi-Fi мүмкіндігі қосылған құрылғы бар, мысалы, iPod touch/iPhone/iPad не Wi-Fi қосылған PC/Mac.	3-әдісті (ақылдасу '3-әдіс: WPS емес Wi-Fi маршрутизаторына қосу' бет 12) таңдаңыз.

* Кеңес

- Сондай-ақ, iPhone 4, iPhone 4S, iPad 2-буын, iPod touch 4-буын сияқты басқа Apple құрылғылары арқылы AirPlay мүмкіндігін орнатуға және одан рахат алуға болады. Мұндай жағдайда, AirPlay мүмкіндігін орнату үшін 2-әдісті не 3-әдісті таңдауға болады.


<Құрылғыны> үйдегі Wi-Fi желісіне қоспас бұрын, келесілерді тексеріңіз:

- ① Wi-Fi маршрутизаторы қосулы және дұрыс жұмыс істейді.
- ② <құрал> токқа қосылған және сәтті іске қосылған (ақылдасу '<Құралды> қосу' бет 8).

Сәтті қосылғаннан кейін <құрал> үйдегі Wi-Fi параметрлерін есте сақтайды. Одан кейін, <құрал> токқа қосылған және үйдегі Wi-Fi желісіне автоматты түрде қосылғаннан кейін кез келген уақытта AirPlay мүмкіндігін рахатыңызға қолдануға болады.

1-әдіс: Wi-Fi желіге кіру мүмкіндігін ортақ пайдалануды қолдану

- 1 iPod touch/iPhone/iPad құралдарын үйдегі Wi-Fi желісіне қосыңыз.
- 2 iPod/iPhone/iPad құралдарын құралға реттеніңіз.



- 3 Құралдың алдыңғы тақтасында  түймесін басыңыз.
 ↳ Келесі тілқатысу терезесі көрсетіледі.



- 4 <Құралымен> Wi-Fi параметрлерін ортақ пайдалану үшін **РҰҚСАТ БЕРУ** (рұқсат беру) түймесін басыңыз.
 ↳ Біраздан соң, алдыңғы тақтадағы  көрсеткіші тұрақты ақ түсте жанады және құрал дыбыстық сигнал шығарады.
 ↳ <Құрал> үйдегі бар Wi-Fi желісіне сәтті қосылды.

2-әдіс: WPS маршрутизаторына қосу




Ескертпе

- <Құралда> кез келген түймені баспас бұрын, <құралдың> сәтті іске қосылғанын тексеріңіз (ақылдасу '<Құралды> қосу' бет 8).

- 1 Үйдегі Wi-Fi маршрутизаторында WPS түймесін басыңыз.



- 2 1-қадамды орындаған аз уақыттан кейін құралдың алдыңғы тақтасында  түймесін басыңыз.
 ↳  көрсеткіші алма-кезек сары және жасыл түсте жыпылықтайды.
 ↳ 2 минут ішінде  көрсеткіші тұрақты ақ түсте жанып, құрал дыбыстық сигнал шығарады.
 ↳ <Құрал> үйдегі Wi-Fi желісіне сәтті қосылды.





Кеңес

- Кейбір Wi-Fi маршрутизаторлары үшін Wi-Fi қосылымы үшін WPS түймесін ұстап тұру немесе маршрутизаторды теңшеу беттерінен WPS PBC функциясын қосу қажет болуы мүмкін. Толық деректерді алу үшін арнайы маршрутизаторлардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- <Құралдағы>  көрсеткіш сары түсте қалса, ол Wi-Fi қосылымының орындалмағанын білдіреді. 2 минут күтіп, әрекетті қайталаңыз. Ақаулық сақталса, Wi-Fi қосылымын қолмен реттеуге әрекет жасаңыз (ақылдасу '3-әдіс: WPS емес Wi-Fi маршрутизаторына қосу' бет 12).
- Wi-Fi қосылымы қайтадан орындалмаса <құралын> қайта бастап, әрекетті қайталаңыз.

3-әдіс: WPS емес Wi-Fi маршрутизаторына қосу



Ескертпе

- <Құралды> WPS маршрутизаторына қолмен қосу үшін төмендегі іс-рәсімдерін орындауға да болады.

<Құралды> Wi-Fi маршрутизаторына қолмен қосу үшін, сізге оның ішкі Wi-Fi параметрлерін өзгерту үшін <құрал>дың кірістірілген теңшелім веб-бетіне кіру қажет. Мұны орындау үшін, <құралға> уақытша Wi-Fi қосылымы үшін Интернет шолғышы бар Wi-Fi қосылған құрылғы қажет. Wi-Fi қосылған құрылғы iPod touch/iPhone/iPad немесе Wi-Fi қосылған PC/Mac болуы мүмкін.

<Құралдың> WPS емес Wi-Fi маршрутизаторына қосылымы үшін төмендегі әрекеттер ретін орындаңыз.

- 1 Үйдегі Wi-Fi маршрутизатордың параметрлерін жинақтап, <құралдың> Wi-Fi мүмкіндігін орнату кезінде қолдану үшін қағазға жазып алыңыз (ақылдасу 'Үйдегі Wi-Fi маршрутизаторының параметрлерін жинақтау' бет 12).

- 2 <Құралдың> көмекші Wi-Fi орнатылымы режимінде болуын тексеріңіз. Олай болмаса, <құралды> көмекші Wi-Fi орнату режиміне қосыңыз (ақылдасу '<Құралды> көмекші Wi-Fi орнату режиміне қосу' бет 13).

↳ <Құрал> арқылы жасалған жаңа Wi-Fi желісі **Philips_Install XXXXXX** желі атымен (SSID) бірге көрсетіледі.

- 3 Wi-Fi қосылған құрылғыны жаңадан жасалған Wi-Fi желісіне уақытша қосыңыз (ақылдасу 'Wi-Fi қосылған құрылғыны жаңадан жасалған Wi-Fi желісіне қосыңыз.' бет 13).
- 4 Wi-Fi қосылған құрылғының Интернет шолғышы бар <құралдың> кірістірілген веб-бетін ашыңыз (ақылдасу '<Құралдың> кірістірілген веб-бетін ашу' бет 15).
- 5 1- қадамда қағазға жазылған параметрлер негізінде DS9100W ішкі Wi-Fi параметрлерін теңшеңіз (ақылдасу '<Құралдың> ішкі Wi-Fi параметрлерін теңшеңіз.' бет 15).
- 6 Wi-Fi қосылған құрылғыны кері бар үйдегі Wi-Fi параметрлеріне қалпына келтіріңіз (ақылдасу 'Wi-Fi қосылған құрылғыны кері бар үйдегі Wi-Fi параметрлеріне қалпына келтіру' бет 16).

Үйдегі Wi-Fi маршрутизаторының параметрлерін жинақтау



Ескертпе

- Толық деректі нұсқаулар үшін әрқашан үйдегі Wi-Fi маршрутизаторының пайдаланушы нұсқаулығымен кеңесіңіз.

- 1 Wi-Fi қосылған құрылғыны үйдегі бар Wi-Fi желісіне қосыңыз.
- 2 Wi-Fi қосылған құрылғыда Интернет шолғышты іске қосыңыз (мысалы, Apple Safari немесе Microsoft Internet Explorer).
- 3 Үйдегі Wi-Fi маршрутизаторының теңшелім бетін ашыңыз.
- 4 Wi-Fi параметрлері қойындысын тауып, келесі мәліметтерді қағазға жазып алыңыз:
 - (A) Желі аты (SSID)
 - (B) Wi-Fi қауіпсіздік режимі (қосылған болса, әдетте WEP, WPA немесе WPA2)
 - (C) Wi-Fi құпия сөзі (Wi-Fi қауіпсіздігі қосылған болса)
 - (D) DHCP режимі (қосылған немесе ажыратылған)
 - (E) Статикалық IP мекенжайының параметрлері (DHCP режимі ажыратылған болса)

<Құралды> көмекші Wi-Fi орнату режиміне қосу

- Сәтті іске қосылғаннан кейін (ақылдасу ' <Құралды> қосу ' бет 8), құралдың алдыңғы тақтасында  түймесін басып, ұстап тұрыңыз.
 - ↳  көрсеткіші ақ және сары түсте алма-кезек жыпылықтайды.
 - ↳ <Құралдың> жаңа Wi-Fi желісі **Philips_Install XXXXXX** желі атымен (SSID) бірге жасалады.
 - ↳ Осы жаңа Wi-Fi желісін сәтті жасау үшін шамамен 45 секунд уақыт жұмсалады.



Ескертпе

- <Құрал> үшін Wi-Fi параметрін қолмен орнатуды аяқтағаннан кейін, осы жаңа Wi-Fi желісі жоғалады.
- Көмекші Wi-Fi орнату режиміне кіре алмасаңыз, <құралды> тоқтан ажыратып, оны тоққа қосыңыз, одан кейін іске қосу сәтті аяқталғаннан кейін әрекетті қайталаңыз.
- Бір уақытта көмекші Wi-Fi орнату режимінде басқа Philips AirPlay-қосылған құрылғыларының болмауын тексеріңіз. Осы жолмен жасалған бірнеше жаңа Wi-Fi желілері бір-біріне кедергі келтіруі мүмкін.

Wi-Fi қосылған құрылғыны жаңадан жасалған Wi-Fi желісіне қосыңыз.


<Құрал> жасаған жаңа Wi-Fi желісі тек қана бір Wi-Fi қосылған құрылғыға кіруге мүмкіндік береді. Кез келген басқа Wi-Fi құрылғыларының кедергісін болдырмау үшін, басқа Wi-Fi құрылғыларында Wi-Fi функциясын уақытша ажырату ұсынылады.

1-параметр: iPod touch/iPhone/ iPad құралыңызды қолданыңыз

- 1 iPod touch/iPhone/iPad құралында
Параметрлер -> Wi-Fi тармақтарын
таңдаңыз.



- 2 Қол жетімді желілер тізімінен Philips_
Install XXXXXX мүмкіндігін таңдаңыз.



- 3 iPod touch/iPhone/iPad құралында сәтті
Wi-Fi қосылымын күтіңіз.
↳ iPod touch/iPhone/iPad құралының
жоғарғы сол жақ бұрышында
көрсетіледі.

Кеңес


- Philips_Install XXXXXX тізімде болмаса, қайтадан қол жетімді Wi-Fi желілерін қайтадан сканерлеп көріңіз.

- 2-мүмкіндік: өзіңіздің Wi-Fi қосылған PC/
Мас компьютеріңізді қолданыңыз.


Ескертпе

- PC/Мас компьютерін Wi-Fi желісіне қосу жолын PC/Мас компьютерінің пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Wi-Fi желісіне қосылым кезінде ешқандай желі кабелін PC/Мас компьютеріне қоспаңыз.


- 1 Wi-Fi орнату құралын немесе PC/Мас
компьютеріңдегі басқару тақтасын
ашыңыз.
- 2 Қол жетімді Wi-Fi желілерін сканерлеңіз.



- 3 Қол жетімді желілер тізімінен **Philips_Install XXXXXX** мүмкіндігін таңдаңыз.



- 4 PC/Мас құралында Wi-Fi мүмкіндігінің сәтті қосылуын күтіңіз.



Кеңес

- **Philips_Install XXXXXX** тізімде болмаса, қайтадан қол жетімді Wi-Fi желілерін қайтадан сканерлеп көріңіз.

<Құралдың> кірістірілген веб-бетін ашу

- 1 Apple **Safari** шолғышын немесе кез келген басқа Интернет шолғышын Wi-Fi қосылған құрылғыда іске қосыңыз.
- 2 Шолғыштың мекенжай жолағына **192.168.1.1** деп теріп, растаңыз.
↳ <Құралдың> теңшелім веб-беті көрсетіледі.



<Құралдың> ішкі Wi-Fi параметрлерін теңшеңіз.

<Құрал> теңшелім веб-бетінде <құралдың> үйдегі бар Wi-Fi желісіне қосу үшін <құралдың> ішкі Wi-Fi параметрлерін теңшеуге болады.



Ескертпе

- Теңшелім веб-бетіндегі параметрлердің қағазға жазып алынған үйдегі Wi-Fi желі параметрлеріне сәйкес келетінін тексеріңіз.



- <Құралдың> ішкі Wi-Fi параметрлерін теңшеу және растау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
 ↳ Сәлден кейін <құралдың> алдыңғы тақтасындағы көрсеткіш жыпылықтауды тоқтатады және тұрақты ақ түсте қосылып, құрал дыбыстық сигнал шығарады.
 ↳ <Құрал> үйдегі бар Wi-Fi желісіне сәтті қосылды.

Ескертпе

- <Құралдың> көрсеткіші ақ түсте тұрақты жанып тұрмаса, ол Wi-Fi қосылымының орындалмағанын білдіреді. <Құралды> Wi-Fi желісіне қосуға болатынын қарау үшін Wi-Fi маршрутизаторы мен <құралды> токтан ажыратып, оларды қайтадан тоққа қосыңыз. Ақаулық сақталса, жоғарыдағы іс рәсімдерін қайталаңыз.
- Жоғарыдағы өзгертулерді аяқтағаннан кейін және <құралды> токтан ажыратып-қосқаннан кейін, <құрал> арқылы жасалған Wi-Fi желісі жоғалады.

Кеңес

- Қаласаңыз, <құрал> теңшелім веб-бетінде **Philips Fidelio құрылғы атындағы** <құралдың> атын өзгертуге болады. Бұл үйде бірнеше Philips AirPlay-қосылған құрылғылары болғанда және оларды айыру қажет болғанда пайдалы.

Wi-Fi қосылған құрылғыны кері бар үйдегі Wi-Fi параметрлеріне қалпына келтіру

Ескертпе

- Төмендегі 2 және 3-қадамдардағы параметрлердің қағазға жазып алынған үйдегі Wi-Fi желісі параметрлеріне сәйкес келетінін тексеріңіз.

1 iPod touch/iPhone/iPad құралында **Параметрлер -> Wi-Fi** тармақтарын таңдаңыз.

- Немесе PC/Mac компьютерінде қол жетімді Wi-Fi желілерін ашыңыз.



- 2 Қол жетімді сымсыз желілер тізімінен желі атын (SSID) таңдаңыз.




- 3 Қажет болса, желі кілтің енгізіңіз.
- 4 Үйдегі Wi-Fi желісіне сәтті Wi-Fi қосылымы болғанша күтіңіз.


Қосымша: ішкі Wi-Fi параметрлерін өзгертіңіз немесе Safari арқылы құрылғының атын өзгертіңіз

Wi-Fi қосылған PC/Мас компьютерінде Safari бағдарламасын қолдансаңыз, <құрал> теңшелім бетін тікелей енгізу үшін Bonjour ашымалы тізімінен 'Philips DS9100W XXXXXXX' құралын таңдауға болады. Мұнда, ішкі Wi-Fi параметрлерін өзгертуге немесе құрылғыны оңай қайта атауға болады.


- 1 * -> **Басымдықтар** түймесін басыңыз.
- ↳ Бетбелгілер мәзірі көрсетіледі.



- 2 Бетбелгілер тақтасы үшін Bonjour қамту құсбелгісін қойыңыз.



- 3 Бетбелгілер тақтасында көрсетілген Bonjour ашымалы тізімінен **Philips DS9100W XXXXXXX** құралын таңдаңыз.
- ↳ <Құралдың> теңшелім веб-беті көрсетіледі.



- 4 Мұнда, ішкі Wi-Fi параметрлерін өзгертуге немесе құрылғыны оңай қайта атауға болады.

5 Ойнату

iTunes әуендер кітапханасынан <құралда> дыбыстық әуендерді ойнату




Ескертпе


- iTunes тасымалдаушы құрылғысының <құралмен> бірдей Wi-Fi желісіне қосылғанын тексеріңіз. iTunes құрылғысы iOS 4.3.3 (не кейінірек) амалдық жүйесі орнатылған iPod touch/iPhone/iPad немесе iTunes 10.2.2 (не кейінірек) мүмкіндігі орнатылған Wi-Fi қосылған PC/Мас компьютері болуы мүмкін.

iPod touch/iPhone/iPad құралынан ойнату


- 1 iPod touch/iPhone/iPad құралдарында iPod/Music қолданбасын іске қосыңыз.
- 2 AirPlay белгішесін нұқыңыз.



- 3 AirPlay тізімінен Philips DS9100W XXXXXX (немесе пайдаланушы теңшеген атауды) құралын таңдаңыз.




- 4 Мультимедиа файлын таңдап, ойнатуды бастаңыз.
↳ Сәлден кейін <құралдан> әуенді естисіз.




PC/Мас компьютерінен ойнату

- 1 PC/Мас компьютерінде iTunes 10.2.2 (немесе кейінірек нұсқасын) іске қосыңыз.
- 2 Терезеде AirPlay белгішесін нұқыңыз.



- 3 AirPlay тізімінен **Philips DS9100W XXXXXX** (немесе пайдаланушы теңшеген атауды) құралын таңдаңыз.




Ескертпе

- Сәтті орнатудан кейін әуен естілмесе, iPod touch/iPhone/iPad құралында келесілердің бірін орындаңыз:
- (1) Бірдей Wi-Fi маршрутизаторынан ажыратып, қайтадан қосыңыз;
- (2) Фондық режимде іске қосылған барлық қолданбаларды жабыңыз;
- (3) iPod touch/iPhone/iPad құралын тоқтан ажыратып, қайтадан қосыңыз.

4 Мультимедиа файлын таңдап, ойнатуды бастаңыз.

↳ Сәлден кейін <құралдан> әуенді естисіз.



Кеңес

- PC/Мас компьютеріндегі iTunes әуендер кітапханасынан дыбыстық файлды ойнатқан кезде, бір уақытта олардың барлығында әуенді ойнату үшін 3-қадамдағы бірнеше AirPlay-қосылған құрылғыны (қол жетімді болса) таңдауға болады.
- iTunes мүмкіндігінің ескірек нұсқасын қолданып жатсаңыз, AirPlay белгішесі  емес,  түрде болуы мүмкін.

iPod/iPhone/iPad құралын тікелей док-станция арқылы ойнату және зарядтау

Үйлесімді iPod/iPhone/iPad


Бұл құрал келесі iPod, iPhone және iPad үлгілерін ойнатуға және зарядтауға қолдау көрсетеді:

Мыналар үшін жасалған

- iPhone 5
- iPad (4-буын)
- iPad Mini
- iPod touch (5-буын)

iPod/iPhone/iPad құрылғысын салу

- iPod немесе iPhone құралын док-станцияға қойыңыз.



iPod/iPhone/iPad құралын алу үшін

- iPod/iPhone/iPad құрылғысын қондырмадан тартып шығарыңыз.

iPod/iPhone/iPad тыңдау

- 1 iPod/iPhone/iPad құралының дұрыс жүктелгенін тексеріңіз.
- 2 iPod/iPhone/iPad док көзін таңдау үшін  түймесін қайталап басыңыз.
- 3  түймесін басыңыз.
 - ↳ Қосылған iPod/iPhone/iPad құралы ойнатуды бастайды.
 - Ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру үшін  түймесін басыңыз.
 - Жолды өткізіп жіберу үшін, сол және оң жақ пернелерді басыңыз.
 - Ойнату кезінде іздеу үшін, сол жақ/оң жақ пернелерін басып тұрып, одан кейін қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.
 - Мәзір бойынша өту үшін **MENU** түймесін басып, одан кейін таңдау үшін жоғары/төмен пернелерін басыңыз да, растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

iPod/iPhone/iPad құрылғысын зарядтау

Док-станцияға қойылған iPod/iPhone/iPad құралы құрал АТ көзіне қосылған кезде зарядталуды бастайды.

Ойнатуды басқару

iTunes тасымалдаушы құрылғысынан немесе <құралдан> әр түрлі ойнату параметрлерін таңдауға болады.



Ескертпе

- Төмендегі әрекеттер <құралдың> берілген қашықтан басқару құралына негізделеді.
 - iTunes әуендер кітапханасынан <құралға> дыбыс файлының сәтті берілгенін тексеріңіз.
-
- AirPlay немесе реттеу күйінде ойнатуды бастау немесе тоқтату үшін, ►|| түймесін басыңыз.
 - AirPlay немесе реттеу күйінде алдыңғы не келесі жолға өту үшін, сол жақ/оң жақ пернелерді басыңыз.
 - Дыбысты реттеу үшін **VOL +/-** түймесін қайталап басыңыз.
 - Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру үшін **⏻** түймесін басыңыз.
 - MP3 байланыс дыбыс көзіне қосу үшін (қосылған болса), **⏮** түймесін басыңыз.
 - AirPlay дыбыс көзі мен iPod/iPhone/iPad реттеу көзі арасында ауысу үшін, □ түймесін басыңыз.
 - Реттеу күйінде iPod/iPhone/iPad мәзіріне өту үшін, **MENU** түймесін басыңыз.
 - Реттеу күйінде iPod/iPhone/iPad мәзірі бойынша өту үшін, жоғары/төмен пернелерін басыңыз.
 - Реттеу күйінде таңдауды растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.



Кеңес

- PC/Mac компьютерінен әуенді ойнатып жатсаңыз, <құралдан> ойналатын әуенді басқару үшін, iTunes мүмкіндігін іске қосып, **Қашықтан басқарылатын үндеткіштерден iTunes мүмкіндігіне дыбысты басқаруға рұқсат ету** құсбелгісін **Өңдеу** (Windows үшін) параметрінде қойыңыз немесе **iTunes** (Mac үшін) -> **Басымдықтар...** -> **Құрылғылар** тармақтарын таңдаңыз.

Қосымша дыбыс параметрлерін қолдану

iTunes тасымалдаушы құралы iPod touch/iPhone/iPad құралы болса:

Қосымша дыбыс параметрлері және қосымша мүмкіндіктер үшін iPod touch/iPhone/iPad құралын Apple App Store қоймасынан **Philips SoundStudio** қолданбаларын жүктеп алу үшін қолдануға болады. Ол Philips компаниясының тегін қолданбасы.



Кеңес

- Сондай-ақ, Philips SoundStudio қолданбасы арқылы тікелей құрылғының микробағдарламасын жаңартуға да болады (ақылдасу "1-мүмкіндік: Philips SoundStudio арқылы жаңарту (ұсынылады)" бет 23).

iTunes тасымалдаушы құрылғысы Wi-Fi қосылған PC/Mac болса:

Қосымша дыбыс параметрлері үшін iTunes мүмкіндігінде тікелей қол жетімді реттегішті қолдануға болады (**Көрініс** -> **Реттегішті көрсету**).




Кеңес

- Толық деректі iTunes анықтама құжатынан қараңыз.

Сыртқы құрылғыдан ойнату

<Құрал> арқылы сыртқы аудио плейерде де тыңдауға болады.



- 1 3,5мм дыбыс кабелін келесілерге қосыңыз:
 - <құралдың> артқы жағындағы **AUX IN** розеткаға.
 - сыртқы аудио плейердегі құлақаспап ұясына.
- 2 MP3 байланыс көзін таңдау үшін  түймесін басыңыз.

6 Микробағдарламаны жаңарту

Абайлаңыз

- <Құралды> әрқашан микробағдарламаны жаңартуға арналған АТ көзіне жалғаныз. Микробағдарламаны жаңарту кезінде ешқашан <құралды> токтан ажыратпаңыз.


Микробағдарламаны **Philips SoundStudio** қолданбасы арқылы тікелей немесе PC/Мас компьютерінен жаңартуға болады.

1-мүмкіндік: Philips SoundStudio арқылы жаңарту (ұсынылады)

- 1 iPod/iPhone/iPad құралында **Philips SoundStudio** қолданбасын іске қосыңыз.
- 2 Қолданбаның **Параметрлер** қойындысына өтіңіз.
- 3 **Микробағдарламаны жаңарту** пәрменін таңдаңыз.
- 4 Жаңа микробағдарламаны тексеру және жаңартуды жалғастыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

2-мүмкіндік: PC/Мас компьютерінен жаңарту

Жаңартылған файлды жүктеп алу



- 1 PC/Мас компьютерінде **www.philips.com/support** торабына өтіңіз.
- 2 Ең соңғы қол жетімді микробағдарламаны жаңарту файлын табу үшін үлгі нөмірін енгізіңіз.
- 3 Жаңарту файлын мұрағаттан шығарып, қатты дискке сақтаңыз.

Микробағдарламаны жаңарту

Ескертпе

- PC/Мас компьютерінде Apple Safari бағдарламасынан басқа Интернет шолғышын қолдану үшін, Wi-Fi маршрутизаторы теңшелім бетіне өтіп, <құралдың> IP мекенжайын жазып алуды ұмытпаңыз. Wi-Fi маршрутизаторына қосылған құрылғылардың IP мекенжайын табу жолын Wi-Fi маршрутизаторының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

- 1 <Құралды> тоққа қосыңыз (ақылдасу 'Құралды' қосу' бет 8).
- ↳ Құралдың іске қосылуына шамамен 25 секунд жұмсалады. Іске қосу кезінде құралдың алдыңғы тақтасындағы  көрсеткіші сары түсте жыпылықтайды.
 - ↳ Іске қосылғаннан кейін, дыбыстық сигналды естуге болады және  көрсеткіші тұрақты ақ түсте жанады.
 - ↳ <Құрал> соңғы теңшелген Wi-Fi желісіне автоматты түрде қосылды.

2 <Құралдың> және PC/Mac компьютерінің бірдей Wi-Fi маршрутизаторына қосылғанын тексеріңіз.

3 PC/Mac компьютерінде Apple Safari бағдарламасын ашып, Bonjour ашылмалы тізімінен 'Philips DS9100W XXXXXX' құралын таңдаңыз.


- Немесе PC/Mac компьютерінде басқа Интернет шолғышты ашып, мекенжай жолағына <құралдың> IP мекенжайын енгізіңіз (Wi-Fi маршрутизаторы теңшелім бетінде қол жетімді).
- ↳ <Құралдың> теңшелім веб-беті көрсетіледі.

4 'Микробағдарламаны жаңарту' қойындысын таңдап, жаңарту үрдісін аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



Ескертпе

- Микробағдарламаны жаңарту орындалмаса, жоғарыдағы іс рәсімдерін қайталап көріңіз.
- Микробағдарламаны сәтті жаңартқаннан кейін Wi-Fi қосылымымен ақаулық туындаса, <құралды> қайта іске қосып, қайтадан <құрал> үшін Wi-Fi желісін орнатып (ақылдасу 'AirPlay үшін үйдегі Wi-Fi желісіне қосылу' бет 10) көріңіз.



7 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2X50 Вт RMS
Жиілік жауабы	20 - 20000 Гц, -3дБ
Шу коэффициентіне сигнал	> 90 дБ
Қосымша кіріс (МРЗ байланысы)	600 мВ RMS 10 кОм

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	6 Ом
Үндеткіш драйвері	110 мм жоғары жиілік басы + 42 мм төмен жиілік басы
Сезімталдық	> 85 дБ/м/Вт

Сымсыз

Сымсыз стандарт	802.11b/g
Сымсыз қауіпсіздік	WEP (64 or 128 бит), WPA/WPA2 (8-63 таңба)

Жиілік ауқымы	2412 - 2462 МГц (CH1-CH11) (/79, /37, /55, /97 үшін) 2412 - 2472 МГц (CH1-CH13) (/12, /10, /05 үшін)
PBC (түймені бір рет басу)	Иә

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	100-240В~, 50/60Гц
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	100 Вт
Мөлшері	562 x 219 x 180 мм
Салмағы	
- Негізгі құрылғы	6.4 кг

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемалар орын алса, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-торабына (www.philips.com/welcome) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғы АТ қуат сымының дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Желі қосылымын тексеріңіз. Қажет болса, желіні қайтадан теңшеніз (ақылдасу 'AirPlay үшін үйдегі Wi-Fi желісіне қосылу' бет 10).
- Дұрыс дыбыс көзінің таңдалғанын тексеріңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Құрылғыны қайта орнату үшін <құралдағы> ϕ түймесін 5 секундқа басып, ұстап тұрыңыз. Одан кейін қайтадан <құрал> үшін Wi-Fi желісін орнатыңыз (ақылдасу 'AirPlay үшін үйдегі Wi-Fi желісіне қосылу' бет 10).
- АТ қуат сымын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін құрылғыны қайтадан қосыңыз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяны көрсетілгендей қарсылықпен (+/- белгілері) туралап салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын <құралдың> алдындағы ИҚ-датчикке бағыттаңыз.

Wi-Fi желі қосылымы орындалмады

- Wi-Fi маршрутизаторының Wi-Fi 802.11b/g түріне сертификатталғанын тексеріңіз. Бұл құрылғы тек қана Wi-Fi 802.11b/g сертификатталған маршрутизаторлармен үйлесімді.
- Wi-Fi маршрутизаторы Wi-Fi 802.11n түріне сертификатталған болса, 802.11b/g күйі қосылғанын тексеріңіз. <Құрал> тек қана 802.11n түрі бар маршрутизаторлар қосылымына қолдау көрсетпейді.
- Бұл құрылғы WPS-PIN әдісіне қолдау көрсетпейді.
- Wi-Fi маршрутизаторы WPS және WPS-PBC әдісіне қолдау көрсетсе, бірақ <құралға> қосылмаса, Wi-Fi қолмен орнату әдісін орындап көріңіз (ақылдасу '3-әдіс: WPS емес Wi-Fi маршрутизаторына қосу' бет 12).
- Wi-Fi маршрутизаторында SSID таратылуын қосыңыз.
- Микротолқынды пештер сияқты Wi-Fi сигналы кедергі келтіруі мүмкін ықтимал көздерден әрі ұстаңыз.
- Wi-Fi желі теңшелімі үшін дербес компьютерді қолдана алмасаңыз, дербес компьютердің Wi-Fi желісін қолданатынын тексеріңіз. AirPlay желі теңшелімі үшін Ethernet қосылымын қолдана алмайсыз.
- Үйдегі маршрутизатордың SSID аты ешқандай бос орынсыз және %/#/* сияқты кірістірілген арнайы

таңбаларынсыз әліпбилік таңбаларды ғана қамтитынын тексеріңіз.

- AirPlay құрылғысының «**Philips DS9100W XXXXXX**» атын параметр мәзірінде өзгертуді таңдасаңыз, арнайы таңбаларды немесе белгілерді қолданбаңыз.
- Wi-Fi маршрутизаторларының кейбір жаңа түрлері үшін қосылым ретінде WPS таңдалғанда, желі атын (SSID) автоматты түрде жасауға болады. Әрқашан әдепкі желі атын (SSID) әліпбилік таңбаларды қамтитын қарапайым атауға өзгертіңіз және желіні қауіпсіздендіру үшін Wi-Fi қауіпсіздік режимін де өзгертіңіз.

AirPlay әуенін ойнатуды кездейсоқ үзу

Келесілердің бірін немесе барлығын орындаңыз:

- <Құралды> Wi-Fi маршрутизаторына жақынырақ етіп жылжытыңыз.
- <Құрал> мен Wi-Fi маршрутизаторы арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.
- Жақын Wi-Fi желісі арқылы қабаттасатын Wi-Fi каналын қолданбаңыз.
- Желі жылдамдығының жетерліктей жылдам болуын тексеріңіз (бірнеше құрылғылар бірдей маршрутизаторды қолданатын жағдайда, AirPlay жұмысына кедергі келтірілуі мүмкін). Үйдегі маршрутизаторға қосылған басқа құрылғыларды өшіріңіз.
- Қызмет мөлшері (QoS) параметрін қосыңыз (Wi-Fi маршрутизаторында қол жетімді болса).
- Басқа Wi-Fi маршрутизаторларын өшіріңіз.

Менің iTunes тасымалдауыш құрылғымда AirPlay белгішесі жоқ

- <Құралдың> үйдегі Wi-Fi желісіне бұрыннан қосылғанын тексеріңіз.
- iTunes мүмкіндігін ашпас бұрын, дербес компьютерде Bonjour қызметін қосқаныңызды тексеріңіз. Windows XP жүйесін алайық, мысалы: қызметті

қосу үшін **Бастау->Басқару тақтасы** тармақтарын таңдап, **Әкімшілік құралдары-> Қызметтер->Bonjour қызметі** түймелерін екі рет нұқып, одан кейін қалқыма мәзірде **ОК** параметрінен кейінгі **Бастау** пәрменін таңдаңыз.

- Ақаулық сақталса, <құралды> қайта іске қосыңыз.

AirPlay қосылымы Mac немесе PC компьютеріне қосылмады

- Мазмұнды ойнату үшін AirPlay қолданатын порттарды блоктамайтынын тексеру үшін, желіаралық қалқанды және қауіпсіздік бағдарламалық құралын уақытша ажыратыңыз. AirPlay арқылы қолданылатын порттарды блоктан шығару жолын желіаралық қалқан мен қауіпсіздік бағдарламалық құралы бойынша анықтама құжатынан қараңыз.
- AirPlay үшін iPod Touch/iPhone/iPad/Mac/PC құралын қолданғанда, әуенді ойнату үзілсе не тоқтатылса, iPod Touch/iPhone/iPad, iTunes құралын немесе <құралды> қайта іске қосуға әрекет жасап көріңіз.
- Бейнені ойнату немесе FTP жүктеулері маршрутизаторды шамадан тыс жүктеуі мүмкін және AirPlay әуенін ойнату кезінде кедергілер келтіруі мүмкін. Маршрутизатордың жүктемесін азайтуға әрекет жасаңыз.



Specifications are subject to change without notice.
2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.
This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

